

3- Дәріс

Шағатай тілінің дыбыстық ерекшеліктері

Фонетика

Дауысты дыбыстар

Шағатай тілінде 9 дауысты дыбыс бар. Олар: /a/, /e/, /è/, /u/, /i/, /o/, /ö/, /u/, /ü/ (a, e, ə, ы, i, o, ө, ұ, ү). Бұлармен қоса, арабша және парсыша сөздердегі созыңқы /ā/, /ī/, /ū/ дауысты дыбыстары және тек парсы сөздерінде қолданылатын /ō/ (созыңқы o) дауыстысы қолданылады. Шағатай тілінде /au/ (ай), /eu/ (ей), /yu/ (ый), /ou/ (ой), /öy/ (өй), /uy/ (ұй), /üy/ (үй), /av/ (ав), /ev/ (ев) секілді дифтонгтар да кездеседі.

Шағатай тілінің дауысты дыбыстар жүйесі

	жуан			жіңішке		
	Ашық	Жартылай ашық	Қысаң	Ашық	Жартылай ашық	Қысаң
Езулік	a (a)		ı (ы)	e (e)	è (ə)	i (и)
Еріндік		o (o)	u (ұ)		ö (ө)	ü (ү)

Дауыстылардың үндестігі

Шағатай тілінің айрықша ерекшелігінің бірі дауысты дыбыстардың үндестігі болып табылады. Шағатай тілінде дауыстылар жуан жіңішке және езулік - еріндік болып екіге бөлінеді.

Жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың үндестігі

Шағатай тілінде жіңішке және жуан дауысты дыбыстардың үндестік заңы сақталған. Сөздің түбірінде жуан дауысты дыбысты болса жуан дауысты дыбысты қосымшалар жалғанады, сөздің түбірінде жіңішке дауысты дыбыстар болса жіңішке дауысты дыбысты қосымшалар жалғанады. Мысалы: *tirig+lik* (тириглик), *kör+di+ler*, (көрдилер), *yèt+günçe* (етгүнче), *kıl+dıq* (қылдық), *kèl+gey* (келгей), *qayt+günça* (қайтгүнча) т.б.

Ал, араб және парсы тілдерінен енген сөздерде жуан жіңішке дыбыстардың үндестігі түркі тіліне қарағанда өзгеше. Құрамында /i/ (й) және /ī/ (и) дыбысы бар араб және парсы сөздерінің барлығына жуан дауысты қосымшалар жалғанады. Мысалы: *ārāyış+i+ğa* (арайиш+й+ға), *bī-dād+ğa* (бидад+ға), *bī-dil+lıq* (биди+лық), *dem-gīr+lıq* (демгир+лық), *dil-dār+ğa* (дильдар+ға), *tiryāq+ğa* (тирйақ+ға) және т.б.

Соңғы буынында /i/(й) және /ī/ (и) дауыстылары бар сөздердің басым көпшілігіне жуан дауысты қосымшалар жалғанады. Мысалы: *‘ālim+ğa* (عاليمغا),

dīr+ġa (ديرغا), *mācid+ġa* (ماجيدغا), *murīd+ġa* (مریدغا), *müncelī+ġa* (منجلیغا), *şebīh+ġa* (شبیہغا), *tefrīk+ġa* (تفریقغا) және т.б.

Соңында *-g* (گ) немесе *-k* (ك) әріптері кездесетін сөздерге, жалпы, жіңішке дауысты қосымшалар жалғанады. Мысалы: *berg+ge* (+برگ), *melek+ge* (ملکге), *nā-pāk+lik+ge* (ناپاکلیکге), *nāzūk+rek* (نازکړک), *peyk+ge* (پیکگه), *reng+ge* (رنکگه) және т.б.

Сөз ортасында *-g-* (ك) немесе *-k-* (ك) әріптері кездесетін сөздерге де, көбінесе, жіңішке дауысты қосымшалар жалғанады. Мысалы: *güft+ge* (گفتگه), *güftār+ge* (گفتارگه), *gülistān+ge* (گلستانگه), *gülşen+ge* (گلشنگه), *keyfiyyet+ge* (کیفیتگه), *küffār+ge* (کفارگه) және т.б.

Езулік және еріндік дауысты дыбыстардың үндестігі

Езулік және еріндік дауыстылар үндестігі дауыстылардың езулік немесе еріндік тұрғысынан бір-бірімен үндесуі, яғни /o/, /ö/, /u/, /ü/ (o, ø, y, ү, ү) еріндік дауыстыларының бірі арқылы жасалған түбір сөздерге қосымша жалғану барысында ашық езулік /a/, /e/ (a, e) немесе қысаң еріндік /u/, /ü/ (y, ү) дауыстыларының жалғану тәртібін айтамыз. Шағатай тілінде езулік-еріндік дауыстылар үндестігі тұрақты емес. Яғни, шағатай тіліндегі қосымшалардың барлығы бұл үндестік заңына бір деңгейде бағынбайды.

Үндестік заңына бағынатын жұрнақтар

- етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтары: *-ım/-im*, *-um/-üm*; *-ıġ/-ig*; *-uġ/üg*; *-ımtul/-ümtül*; *-ınç/-inç*; *-ık/-ik*; *-ış/-iş*, *-uş/-üş*; *-ız/-iz*, *-uz/-üz*. Мысалы: *qıl-ınç*, *yırt-uq*, *kél-iş*, *öt-üz*.

- зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар: *-ınç/-ünç*; *-ınçu/-ünçü*, *-ınçı/-inçi*; *-lıġ/-lig*, *-luġ/-lüg*, *-lık/-lik*, *-luq/-lük*. Мысалы: *qıl-ıġ*, *bil-im*, *kök+ümtül*, *tüt-ün*, *toquz+ınçı*, *bahadur+luq*, *begim+lik*.

- етістіктен етістік тудырушы жұрнақтар: *-ıl/-il*, *-ul/-ül*; *-ın/-in*, *-un/-ün*. Мысалы: *qıl+ıl-*, *köy-ün-*

- тәуелдік жалғаулары, бұйрық райдың екінші жақ көпше түрі, жедел өткен шақ, жіктік жалғауының бірінші және екінші жақтары және екінші жақ көптік жалғауы: *-dim / -dim*; *-dum/-düm*; *-tim/-tim*; *-tum/-tüm*; *-dıñ/-dıñ*; *-tıñ/tıñ*; *-dıñız/-dıñız*; *-dunız/-dünüz*. Мысалы: *baġ+ım*, *baġ+ıñ*, *söz+üm*, *söz+ün*, *baġ+ımız*, *söz+ümüz*, *baġ+ıñız*, *söz+ünüz*, *yum+uñuz*, *yörü+düm*, *yörü+dün*, *yörü+dünüz*.

- *-p* (*-n*) көсемше жалғауының алдында келетін көмекші дауысты дыбыстар. Мысалы: *baq-ıp*,

Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар

- зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар: *-çı/-çi, -çuk/-çük, -ğu/-gü, -gun/-gün, -gur/-gür, -ğuz/-güz, -ur/-ür, -inçi*. Мысалы: *çalğu+çı, üç+inçi, kur+çuk, yelpi+güç, yan-ğun, toyma-gur, siz-ğur-, büt-ür-*

- жедел өткен шақтың үшінші жақ жекеше және бірінші жақ көпше түрі: *-di*. Мысалы: *yum-di, kêt-diik,*

- шығыс септігі мен ілік септік жалғаулары: Мысалы: *köyük-din, tün-ki, yum-ğıl, kün-kine,*

- *-miş/-miş* секілді есімше жалғаулары: *-miş*. Мысалы: *öl-miş,*

- *-siz/-siz* болымсыздық есімдігі жалғаулары: *-siz*. Мысалы: *küç+siz*

- сұраулық шылаулары: *tu/mü*: Мысалы: *kel-di-mü, tig-tür-*,

Кейбір қосымшалар мен көмекші дауысты дыбыстар кейде езулік, кейде еріндік болып кездеседі.

- көптік бірінші жақ тәуелдік жалғаулары: *-uñız/-üñiz ~ -uñuz/-üñüz*
Мысалы: *köz+üñiz, köz+üñüz.*

- ілік септік жалғаулары: *-niñ ~ -nüñ*. Мысалы: *köz+niñ, köz-nüñ.*

- бұйрық райдың үшінші жақ жалғауы: *-üñiz, -üñüz*. Мысалы: *yörü-y-üñiz, yörü-y-üñüz.*

Дауысты дыбыстардың өзгеруі

/a/ > /o/ (а > о): *savug* ‘суық’ < (ДЛТ – *soğuk*); *qav-* ‘қуу’ < (ДЛТ – *kov-*).

/e/ > /ö/ (е > ө): *oçkü* ‘ешкі’ < (ДЛТ – *eçkü*); *öksü-* ‘азаю, кішірею’ < (ДЛТ – *eksü*); *öksük* ‘кем’ < (ДЛТ – *eksük*); *örük* ‘өрік’ < (ДЛТ – *erük*); *ösruk* ‘мас’ < (ДЛТ – *esruk*); *ötük* ‘етік’ < (ДЛТ – *etük*); *tölmür* ‘зерттеу’ < (ДЛТ – *telmür*); *töşük* ‘тесік’ < (ДЛТ – *teşük*); *öyegü* ‘қабырға’ < (ДЛТ – *eyegü*).

/i/ > /ü/ (и > ү): *tütkü* ‘түлкі’ < (ДЛТ – *tilkü*).

Кейбір еріндік дауыстылардың езулікке айналуы:

o < a

savug ‘суық’ < (ДЛТ – *soğuk*); *qav-* ‘қуу’ < (ДЛТ – *kov*).

ü < e

süñük ‘сүйек’ < (ДЛТ – *sünek*); *köter-* ‘көтеру’ < (ДЛТ – *kötür*).

u < a

orta ‘орта’ < (ДЛТ - *ortu*); *tola* ‘тола’ (ДЛТ - *tolu*).

Езулік дауыстылардың еріндік дауысты дыбыстарға айналуы

Сөздің соңындағы еріндік дауыссыздың әсерінен пайда болады. Көбінесе, /-v/ (-в) әрпімен біткен етістіктерден кейін және /-v/ (-в) әрпімен аяқталған немесе /-av/ (-ав) дифтонгы бар араб тілінен енген сөздерден кейін кездеседі. Мысалы: *қiv-dum* < *қiv-dim* ‘сендім’, *nevr+üñ* < *nevr+iñ* ‘жарқырауың’, *zevқ+um* < *zevқ+im* ‘зауқым’.

Сөз ортасында дауысты дыбыстардың түсіп қалуы

Түркі сөздерінде, әсіресе ағза атауларында сөз ортасында дауысты дыбыстардың түсіп қалу үрдісі байқалады. Басқа тарихи түркі тілдеріндегідей шағатай тілінде де жиі кездеседі. Мысалы: *ағыз*>*ағзı*, *әлігі*>*әлгі*, *бағır*>*бағrı*, *burun*>*burnu*, *igin*>*ignide*, *köküs*>*köksümge*, *oğul*>*oğlı*, т.б.

Дауыстылардың бірігуі

Дауыстымен аяқталған қандай да бір сөзге дауыстымен басталған қосымша жалғанған жағдайда немесе дауыстымен аяқталып, дауысты дыбыспен басталған екі сөз бірігіп, қатар келген дауыстылардан жаңа бір дауысты пайда болады. Мысалы: *nè èrse* > *nèrse*, *nè èt-* > *nè't-*, *nè eyledük* > *n'eyledük*, *nè èter* > *n'èter*, *ki allıda* > *k'allıda* және т.б.

Тапсырмалар:

1. Төмендегі дауысты әріптердің сөз басы, сөз ортасы және сөз соңындағы жазылу түрлерін жазуға машықтаныңыз

آ	ي
ه	و
اي	او

2. Төмендегі сөздердегі дауысты дыбыстарға мән бере отырып оқып шығыңыз.

او ol	شو şu	اوچ üç
بو bu	صو su	اوچ uç

اۆچ öç	بور bor	دون dön
اوف of	بوز boz	دوم düm
اوف öf	بوش boş	سوت süt
اوف uf	بوص boś	سور sür
اوت ot	بول bol	سوز söz
اوت öt	بوی boy	سوک sök
اوز öz	دوت dut	سون sön
اوز uz	دور dur	سوز söz
اول ol	دوغ dog	صوپ sóp
اول öl	دول dol	صور sór
اون on	دون don	صوس sús
اون un	دوی duy	صوف sóf
اون ün	دوز düz	صون sun
اود od	دوش düş	صوی sóy
اود öd	دوک dök	
اوق oқ	دөл döl	

3. Берілген сөздерді көшіріп жазып, дауыстап оқыңыз.

اچ aç	آت at
اқ aқ	آو av
ال al	آی ay
آص as	ال el
آش aş	ار er
او ev	اوط oţ
ای ey	اون on
ایچ iç	اول ol
ایش iş	اوق oқ
ایت it	اوپ öp

اوت öt

اوز öz

اوى öy

اول öl

4. Берілген сөздердің жазылуына назар аудара отырып, оқылуын үйреніңіз.

جان

چاغ

چاپ

باق

بار

باس

باش

باى

قاش

قات

قان

قال

قاچ

ياغ

يات

ياش

ياق

يان

طاش

طاپ

طاغ

طاق

صاٹ

شان

тілі туралы Экман, Вамбери, Көпрулы, ... зерттеулері. Классикалық дәуірдегі шығармалардың сипаттамасы. Ғылыми мақалалармен зерттеулер негізінде.

СМӨЖ Тақырыптары:

1. Мұқаддамат ул-әдептың тілдік мазмұндық ерекшелігін талдау, маңыздылығын түсіндіру.
2. Хarezм тілі кезеңі қолданылған аймағы, осы тілде жазылған шығармалар туралы баяндама жасау.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Eckmann J., аудар: Karaağaç G., Çağatayca El Kitabı, Akça баспасы, Анкара, 2003.

2. Eren, H., Çağatay Lugatleri Hakkında Notlar, DTСF журналы, №1-2, Анкара, 1950.
3. Eminoğlu, M., Osmanlı Vesikalarını Okumaya Giriş, Türkiye Diyanet Vakfı баспасы, Анкара, 2017.
4. Inan, A. Çağatay Yazı Dilinin Kuruluşu Tarihine Dair Düşünceler, Türk Dili Belleten III, № 6-7, Анкара, 1946.
5. Қордабаев, Т., Томанов, М., Тарихи грамматика мәселелері, Мектеп, Алматы, 1975.
6. Нұрмаханова А., Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Алматы, 1971.
7. Prof.Dr. Nuri Yüce. “Mukaddimetü’l-edep”. TDK. Ankara.1993.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Akar, A., Türk Dili Tarihi, Ötüken баспасы, Анкара, 2005.
3. Develi, H., Osmanlı Türkçesi Kılavuzu, 1. Cilt, Kesit баспасы, Ыстанбұл, 2014.
4. Devellioğlu, F., Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lûgat, Aydın Kitapevi баспасы, Анкара, 1993.
5. Eckmann J., аудар: Караағач G., Çağatayca El Kitabı, Akça баспасы, Анкара, 2003.
6. Prof. Dr. Nuri Yüce. "Mukaddimetü'l-edep". TDK. Ankara. 1993.